



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттіміз



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Аймақ жаңалықтары

Қызылорданың сол жағалауында 11 мың көрерменге арналған жаңа стадионның ашылуы өтті. Салтанатты шара аясында футболдан ел Кубогының финалдық матчы ұйымдастырылды. Шараға Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов, Қазақстан Футбол федерациясының президенті Марат Омаров арнайы келді. Сондай-ақ қоғам қайраткерлері мен мыңдаған футбол жанкүйері жиналды. Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев жиналған жұртты жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, командаларға сәттілік тіледі.

Жаңа стадионда ел кубогын сарапқа салды



—Бүгін—Қазақстанныңспорт тарихындағайтулықүлкен.Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының аймақтарда спорт инфрақұрылымын дамыту, оның ішінде стадиондар мен спорт кешендерін салу туралы тапсырмасына сәйкес Қызылорда қаласында жаңа стадион бой көтерді. Жаңа стадионымыздың ашылуы футболдан Қазақстан кубогының финалдық ойынымен тұспа-тұс келді. Жанкүйерлер асыға күтетін спорт мерекесі отандық футбол тарихында алғаш рет Қызылорда қаласында өтуде. Бұл — сырбозылықтар үшін үлкен мәртебе, зор мақтаныш! Баршаңызды жаңа стадионның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Қаламызда жаңа нысанның салынуына ерекше қолдау білдірген Мемлекет басшысына, Үкіметке барша Сыр жұртшылығы атынан шынайы алғыссымызды білдіреміз. Финалдық ойынды өткізуге бастамашы болып, ұйымдастырған Қазақстан Футбол федерациясына зор ризашылығымызды жеткіземіз. Бүгінгі ойынға жолдама алған командаларға сәттілік тілеймін! Қазақстан футболының даңқты арта берсін, — деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Қазақстан Футбол федерациясының президенті Марат Омаров жаңа стадионның ашылуы ел футболы үшін маңызды екенін атап өтті.

—Құрметті қызылордалықтар және футбол жанкүйерлері! Сіздерді жаңа стадионның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын. Бұл — еліміздің футбол картасынан лайықты орын алатын заманауи арена. Қазақстан Кубогының финалы алғаш рет Сыр елінде өтіп отыр. Осы алаңда талай қызықты кездесулер мен ұмытылмас ойындар өтеді деп сенемін. Бүгінгі финал сол табысты жолдың бастауы болсын, — деді Марат Талғатұлы.

Жалпы ауданы 20 мың шаршы метрді құрайтын жаңа спорттық кешен заманауи халықаралық талаптарға сай салынған. Мұнда футбол алаңы ғана емес, олимпиадалық стандарттарға сәйкес келетін бокс, күрес, фитнес, спорттық гимнастика және ауыр атлетика залдары орналасқан. Сонымен қатар нысанда дүкендер мен дәмханалар қарастырылған.

Ғимараттың бірінші қабатында спорт залдары, футболшылардың дайындық бөлмелері және сауықтыру орталықтары орналасқан. Екінші қабатта әкімшілік бөлмелер, ал үшінші қабатта ауқымды жиындарға арналған мәжіліс залы бар. Мүмкіндігі шектеулі спортшылардың жаттығуына да толық жағдай жасалған.

Стадион УЕФА-ның 4-санатына сәйкестендірілген. Жасыл алаң халықаралық стандарттарға сай жасанды төсенішпен жабықталған, заманауи жарықтандыру және дыбыс жүйелері орнатылған. Бұл өз кезегінде халықаралық деңгейдегі спорттық және мәдени шараларды жоғары сапада өткізуге мүмкіндік береді.

Жаңа стадионда футболдан ҚР кубогының финалдық ойыны өтті. Ақтық мәреде Шымкенттің «Ордабасы» және Қостанайдың «Тобыл» командалары бақ сынасты. Ойын өте тартысты әрі қызықты өтті. Бірінші таймда «Тобыл» командасы қарсыласа қақпасына екі дәл соққы жасап, 2:0 есебімен алға шықты. Бірінші голды Николай Сигневич, ал екінші голды Ислам Чесноков салды. Жаңа стадион ауласында жанкүйерлерге үлкен LED экран қойылып, ойынды қолайлы жағдайда тамашалауға мүмкіндік жасалған.

Айта кетейік, бұл финал «Ордабасы» мен «Тобыл» үшін бесінші шешуші бәсеке болды. Екі клуб та осыған дейін екі рет жеңіске жетіп, екі мәрте финалда ұтылған. Қазақстан кубогы тарихында қос ұжым бес мәрте кездескен, оның үшеуінде қостанайлықтар, екеуінде шымкенттіктер басым түскен. Бұған дейін финалда үш рет жолығып, екі рет «Тобыл», бір рет «Ордабасы» кубок иегері атанған. Бүгін олардың төртінші финалдық кездесуі болды.

Осылайша қостанайлық «Тобыл» командасы қарсыласынан басым түсіп, Қазақстан кубогының жеңімпазы атанды. Жанкүйерлер командаға қошемет көрсетіп, жаңа стадиондағы алғашқы финалдық ойын тарихта қалатын ерекше сәт болды.

Жеңімпаз «Тобыл» командасын облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов және Қазақстан Футбол федерациясының президенті Марат Омаров марапаттап, кубок пен медальдарды табыс етті.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ



Егінжай – 2025

«Аққұм-Жер» қамбасы астыққа толды



«Аққұм-Жер» шаруа қожалығының ұжымы жаз бойы тынбай еңбек етті, мақсат – күзде қамбаны астыққа толтыру. Сыртынан қараған жанға егін саласының бүгінгі жұмысы ерте көктемде жерге дән тастап, күзде оны жинап алумен шектелетін сияқты. Бірақ байыбына бармасаң, талмай еңбектенбесең, мол астық алу қиынның қиыны. Мұны шаруашылық ұжымы жақсы түсінеді, кешегі жазда күріштің күтіміне басымдық беріп, атыз басында аянбай еңбек еткені де сондықтан.



Шаруашылық ротация тәртібіне қатаң қарайды, су мәселесі қос бүйірден қысқан шақта бұған түсіністік танытамыз. Былтыр 738 гектар алқапқа Сыр салысын сепкен шаруашылық ұжымы әр гектардан 50 центнерден өнім жиды. Мұндай мол астыққа көнелудің түбінде қарапайым дала дарабоздарының еңбегі жатыр. Ал мұны шаруашылық төрағасы Рүстем Сәрсенбаев жақсы түсінеді, жыл сайын әріптестеріне жалақыдан бөлек қосымша қаржылай сыйақы үлестіретіні де сондықтан. Ол серіктестіктің бүгінгідей дәрежеге көтерілуін әлі де сол әріптестерінің еңбегімен байланыстырады. Былтыр ауыл еңбеккерлеріне жалақыдан бөлек қосымша 30 млн теңге сыйақы үлестірді. Ал оның қарапайым шаруа адамдарына үлкен шабыт беретіні айтпаса да түсінікті.

Шаруашылықтың егіс басына өткен айдың басында бір бардық, қыркүйектің алғашқы күнінде күрішке орақ салған комбайнерлердің қарқыны қатты. Бұйырса, «айдың соңына дейін бітік шыққан өнімді жинап алар» деп топшылағанбыз. Ойымыз тура келді. Қазанның басында қамбасын астыққа толтырған еңбек ұжымы дала жұмысын бірыңғайлапты.

«Аққұм-Жер» шаруа қожалығы биыл 900 гектар алқапқа күріш еккен. Оның 625 гектары – «Лидер», қалғаны «Янтар» сұрпынан екен. Қазір күріштің бұл қос сұрпының да қолданысқа енгеніне 10 жылдан асты. Соңғы 1-2 жылда Сыр салысының ауруға ұшырауы да сондықтан. Мұндай тығырықтан алып шығатын жалғыз маман – агроном. Былтыр да «Аққұм-Жер» дәл осы мәселемен бетпе-бет келді, бірақ биыл да күріштің дәл осы сұрпын екті. Өйткені Рүстем Сәрсенбаев жаңа агроном Асқар Апиакбаровқа сенім артты. Тіс қарқан маман көп ұзамай шаруашылық мол өнім алу үшін тың жаңалығын ала келіпті. Соның нәтижесі болар, биыл диқандар мұндай мәселеден арылғанын айтады.

Жалғасы 2-бетте

Құрмет

Қариялар – асыл қазына



Қартын қазынаға балаған Бұқарбай батыр ауылының жұрты қашанда үлкенге құрмет көрсетуде жолынан жайылған емес. Әсіресе батыр атындағы ауылдағы «Байтабын» шаруа қожалығы осындай үлгілі ісімен алда жүреді. Кешегі аптаның соңында қырман басында қарияларына құрмет көрсеткен шаруашылық ұжымы тағы бір өнегелі шараны өз деңгейінде өткізді.

Сол күні қырман басында қайнаған жұмыс болған жоқ, керісінше ауыл ардагерлері қонақ болып, аудан өнерпаздарының мерекелік концертіне күй болды, соңында көтеріңкі көңіл күймен тарқасты.

Шаруашылық төрағасы Болат Ділдебеков шарада қарияларды айтулы мерекесімен құттықтап, қазыналы қарттар ауылдың дамуына үлкен еңбек сіңіргенін жеткізді. Сөзінше, соңғы бесжылдықта бұл дәстүрге айналған шара екен.

— Қартын қазынаға балаған өлміз, біз үшін қашанда алдыңғы буынға құрмет көрсету – міндет. Осы жолымыздан жа-

ңылмай бүгін қырман басында аудан өнерпаздарын шақырып, ауыл ардагерлеріне керемет көңіл күй сыйлап отырмыз. Баршаңызды мерекелеріңізбен құттықтаймын. Отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін. Ауылдың екінші тынысын ашуда, жарқын болашағына аянбай еңбек еттіңіздер. Тіпті «Байтабын» шаруа қожалығының шаруасының ширауында да сіздердің қолтаңбаларыңыз бар, — деді Болат Ділдебеков.

Айта кетейік, аталған шаруашылық биыл күзгі науқанды қорытындылап, жаздай баптаған өнімін шашпай-төкпей

жинап алды. Биыл серіктестік 1100 гектар алқапқа күріш еккен. Сұрпын сураның, «Лидер» мен «Каури». Ауыл еңбеккерлері аптап ыстықта аянбай еңбек етті. Бүгінде сол еңбегің жемісін көріп отыр десе де болады. Диқандар күзгі науқан қорытындысымен әр гектардан 60 центнерден өнім жиды. Бүгінде шаруашылықта 135 адам жұмыс жасайды.

Жергілікті шаруашылықта ұзақ жыл қажырлы еңбек еткендер қатарында ауыл шаруашылығы саласының ардагері Мұрат Әлішов те бар. Ол «Байтабын» шаруа қожалығында ұзақ жыл механизатор болып қызмет атқарған. Кешегі шарада сала ардагері де құрметке бөленді, шаруашылық төрағасы қазыналы қарияның иығына шапан жауып, қаржылай сыйақы табыстады.

— Біз де бүгінде ардагерлердің қатарын толықтырдық. Бірақ сонда да осы шаруашылықтың жұмысына қатысып тұрамын. Зейнеткерлікке шықсам да шаруашылықтың егіс алқабын күзеттім. Бүгінгі буын жасаған еңбегімізді бағалап,

құрмет көрсетіп отыр. Барлығына алғыс білдіремін. Үлкендеріміз аман болсын, қариялар қатары сиремесін, — деді ол.

Шарада дәл осындай бірнеше ардагерге құрмет көрсетілді. Сондай-ақ аудан өнерпаздары мерекелік концерт қойып, өз өнерлерін ортаға салды, елдің ыстық ықыласына бөленді.

Жалпы батыр атындағы ауылдағы «Байтабын» шаруа қожалығы жайлы айта берсек, тарқатып жазар дүние көп. Ауылдың абаттануына, елді мекеннің еңсе тіктеуіне қыруар қаржы жұмсады. Бұл сөзімізге ауылдағы үлкен саябақ, спорт кешені дәлел. Сонымен қатар ауылдағы алтын ұяда білім алатын озат оқушыларға да шәкіртақы тағайындаған. Бұл игі шараның дәстүрге айналғанына бірнеше жыл болды. Ауыл мектебіндегі озат оқушылар қатарының артуы осы игі шараның жемісі деп түйдік. Бүгінде шаруашылық тағайындаған шәкіртақыны ауылда 80-ге жуық оқушы алады.

Жалғасы 2-бетте

■ Маман мерейі

Ұлағатты ұстаз

Жұлдызай Тәшенова 34 жылдан бері мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндердің қолына әліппе ұстатып, жазуды үйретіп келеді. Ауыл балаларына сапалы білім беруді мақсат еткен тәжірибелі маман бұл салаға бала күнінен қызыққан. Кейіпкеріміздің бұл ойын ата-анасы да құптап, оның сол мақсатына жетуіне барынша жағдай жасаған.

«Мектепке мұғалім болып жұмысқа орналасқаным көше ғана сияқты еді, бүгін қарап отырсам, арада 34 жыл уақыт өтіпті» деп кейіпкеріміз өткенге көз жүгіртіп, әңгімесін әрі жалғады.

— Ең алғаш еңбек жолымды осы мектептен, яғни Таң ауылындағы алтын ұядан бастадым. 34 жылда 7 бастауыш сыныпқа білім бердім. Қазіргі таңда алғаш рет мектеп табалдырығын аттаған 8-ші сыныбма жетекшілік етемін. Олар — қазір 3-ші сынып оқушысы. 34 жылдың ішінде оқушыларым республикалық «Ақбота», «Кенгуру» сынды олимпиадаларға қатысып, жеңімпаз атанды. Олардың басым көпшілігі медицина саласын тандап, антына адал аққалатты абзал жан атанып жүр. Сондай-ақ 6 оқушым өзім секілді бастауыш сынып мұғалімі болып еңбек етуде, — дейді ол.

Тәжірибелі маманнан білім алған шәкірттер білім бөйгелерінде үлкен жетістікке жетіп жүр. Мәселен, 2-4-сынып оқушыларына арналған «Бастау» математикалық олимпиадасына оқушысы Мұхамедәлі Атымтаев қатысып, аудандық, облыстық кезеңнен сүрінбей өтіп, республикалық кезеңде жүлделі II орын алған. Дәл осы жарыстан бытыр тағы бір оқушысы Ерсұлтан Оразбек ауданнан I орын, облыстан II орын иеленген.

Осыдан 3 жыл бұрын мектеп бітірген Гүлнафис Әзілхан оқуды «Алтын белгіге» аяқтапты. Ұлттық бірыңғай тестілеуден 124 балл жинап, жоғары оқу орнындағы білім грантын жеңіп алған мектеп мақтанышына алғаш әріп үйретіп, білімге баулығаны үшін кейіпкеріміз «Біркелік» шипажайына жолдама ұтып алған.

Иә, шәкірт жетістігі — ұстаздың ерен еңбегінің жемісі. Әр оқушы — бір әлем. Әрқайсысының мінезі, болмысы, қызығу-

шылығы, сабаққа үлгерімі әртүрлі. Десе де олардан жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу жолында ерен еңбек етіп, жарқын болашаққа қарымды қадам жасап жүрген ұлағатты ұстаздың есімі қашан да ардақты.

— Менің алдыма келген әр оқушы жазылмаған жаңа парақ секілді. Әрқайсысы — бір-бір үйдің еркесі. Барлығына бірдей көңіл бөліп, білімге баулуға үлкен тәзім мен қажыр-қайрат керек. Бірнеше жылдық еңбек жолыма алдымнан неше түрлі оқушылар өтті. Сынып жетекші болудан босаған емеспін. Оқушыларым бір-біріне ұқсамайды. Әрқайсысының өзіндік ерекшелігі болады. Ал ұстаздың міндеті — оқушы бойындағы қабілетін дер кезінде байқап, талантын шыңдау. Барлық шәкіртке бірдей қарап, білім нәрімен сусындату — әр ұстаздың басты міндеті.

Алдыма келген оқушыларымның өміріне азық болар білім алып кетуі үшін қолымнан келгенше аянбай еңбек етемін. Шәкірттеріміз өмірден өз орнын тауып, елдің ертеңіне еңбек етсе, біздің еңбегіміздің нәтижесі деп марқаймыз. Мұғалімге одан асқан бақыт жоқ, — дейді ол.

Кейіпкеріміз аудандық «Үздік авторлық бағдарлама», «Үздік бірлестік жетекшісі» сайыстарынан II орын, облыстық «Алтын тұғыр» олимпиадасынан III орын иеленген. «Алтын тұғыр» — мамандар тәжірибесін ұштап, ынталандыратын жоба. Айтуынша, олимпиада тапсырмалары бастауыш сынып бағдарламасын негізге ала отырып құрастырылған авторлық, логикалық есептерден тұрады. Ол әр ауданнан жиналған мұғалімдермен бәсекеге түсіп, ең жоғары ұпай жинаған. Кейіпкеріміз әңгіме барысында кәсіби дағдысын жетілдіріп, бәсекеге қабілеттілігін арттыра түсетін



сайыстан көп нәрсе үйреніп, тәжірибе жинай түскенін айтып, жеңіске жетуіне тілеулес болған әріптестеріне алғысын жеткізді.

— Бірде оқушыларыма ана тақырыбында шығарма жазып келіндер деп тапсырма бердім. Содан бір оқушым ертеңіне келіп «апай, тақтаға мен шығайыншы» деп қоймады, тақтаға шыққаннан кейін басын қасып тұрып «апай, көше мен ұйықтап қалып едім. Мына шығарманы әкем жазып беріп еді, енді жазуына түсінбей тұрмын, сіз оқып беріңізші» дейді. Сонда әлгі оқушыма «Шығарманы жазып берген — әкең, оқып берген — мен, ал саған бағаны не үшін қоямын?» дегенімде «апай, дым жазбасам келгеннен жақсы ғой, өзім жазбасам да әкем жазды ғой» деп тақылдап жауап берген. Сол кездегі оқушымының қылығын әлі күнге дейін ұмытпай, көрген жерде айтып жүремін. Кішкентай сынып

оқушылары болған соң сабаққа деген ынтысы мен еркелігі қатар жүреді, — дейді Жұлдызай Тәшенова.

Иә, жас ұрпаққа білім, тәрбие беру оңай жұмыс емес. Әр баланың өзіндік ерекшелігі болады. Біз әңгімелеп отырған ұстаз — еңбекқорлығымен, мол ізденісімен шәкірт көңілінен жол таба білген жан. Білікті педагог алдағы уақытта да жан-жақты қалыптасқан тұлға тәрбиелеп, жарқын болашаққа қарымды қадам жасай бермек. Ол ұлт болашағын тәрбиелеу жолында жасаған қажырлы еңбегі үшін бірнеше мәрте аудандық білім бөлімі мен кәсіподақ комитетінің, облыстық білім басқармасының, аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталып, өткен аптада ғана салаға сіңірген ерен еңбегі үшін «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісін кеудесіне таққан.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

■ Маман мерейі

Балаларды спортқа баулыған

Нұрбол Серікұлы — Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде білім алып, еңбек жолын енді бастаған жас маман. Қазіргі таңда ол 3-Жарқынбаев атындағы №202 орта мектепте дене шынықтыру пәнінен сабақ береді. Басты мақсаты — оқушыларды спортқа баулу.

Спорт залдың есігін ашқан сәтте бізді бар ынтыасымен ойын ережелерін түсіндіріп жатқан ұстаз бейнесі қарсы алды. Жас маманның әр қимылынан өз ісіне деген сүйіспеншілігін аңғару қиын емес. Білім саласында алғашқы қадамын жасап жүрген ұстаз оқушыларды спортқа баулып, жарысқа дайындайды.

— Алдыңғы оқу жылы «Ұлттық мектеп лигасында» гандбол спортынан 3 жүлде еншіледі, яғни 5-6 сынып оқушылары II орын, 7-8 сынып оқушылары II орын, 9-11 сынып оқушылары III орын иеленді. Жарыс спорттың 9 түрінен ұйымдастырылды. Футбол, баскетбол, волейбол, тоғызқұмалақ, теннис, шахмат секілді спорттық сайыстар қамтылды. Жарысқа аудан кәсіпкерлері, соның ішінде «Ауыл такси» ұжымы демеушілік етіп, қолдау көрсетті. Гандболға қажетті әрқайсысы 10 доп және спортшыларымызға арнал-

ған біркелкі форма сыйға тартты, — дейді жас маман.

Дене шынықтыру сабағы оқушыларды физикалық тұрғыда дамытып қана қоймай топпен жұмыс істеуге үйретеді. Футбол үйірмесін де қатар алып жүрген педагог оқушыларының үздік нәтижеге жетуі үшін үзбей дайындық жасайтынын айтады. Мақсаты айқын ұстаз қаңтар айында өтетін «Ұлттық мектеп лигасына» дайындықты бастап кеткен. Сондай-ақ алдағы айда үйірме қатысушыларын «Оқушылар лигасы» күтіп тұрғанын айтады. Ол жарысқа қыздар мен ұлдардан құралған бір команда жасақтап алып барса, «Ұлттық мектеп лигасына» оқушылар жас ерекшелігіне қарай қатысатынын жеткізді.

— Менің алға қойған мақсаттарым көп. Соның бірі — шәкірттеріммен бірге қол добынан республикалық деңгейдегі

жарысқа бару. Әзірге олар облыстық деңгейдегі жарыстарда топ жарып жүр, республикаға да шығатын құл алыс емес деп ойлаймын. Алда өтетін жарыстарға дайындық жаман емес, үздіксіз дайындалып жүріміз. Себебі «Ұлттық мектеп лигасы» — спорт саласында өзіндік орны бар ауқымды жарыстың бірі. Бұл дода жас спортшыларға тәжірибе жинақтап, жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Сол себепті бар күшімізді жұмсап, жеңіс тұғырынан көріну үшін аянып қалмаймыз, Балаларды осы бастап спортқа баулуымыз керек. Өйткені олар — елдің жарқын болашағы, — дейді ол.

Бытыр «Үздік жаттықтырушы» атанған жас маман биыл тағы бір биік шыңды бағындырып, «Жылдың үздік мұғалімі» атанған. Әрине, бұл — кейіпкеріміздің табанды еңбегі мен шәкірттеріне деген жанашырлығының жемісі. Салаға серпін берген жас маманның алдағы уақытта да толағай табыстарға жететініне сенім мол.

Гүлжан БАХЫТБЕКҚЫЗЫ



■ Бәрекемді!

Тоғызқұмалақшы Әділхан



Қазан айының басында елордада ерекше білім беруді қажет ететін, мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдерді қолдау мақсатында «Жұлдызай — 2025» республикалық ұлттық инклюзивті ойындары өтті. Дәстүрге айналған бәсекеге еліміздің 17 облысы мен 3 мегаполисінен 10-16 жас аралығындағы 542 спортшы қатысқан. Аталған ойынға аудандағы іргелі білім ордасының бірі — Зейнолла Жарқынбаев атындағы №202 орта мектептің оқушысы Әділхан Молдабек қатысып, тоғызқұмалақ ойынынан II орын иеленді.

Жоба балалардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, денсаулығын нығайтып, физикалық және интеллектуалдық шектеулерге қарамастан жоғары нәтижеге қол жеткізуге көмектесуге бағытталған. Инклюзивті ойындарға заңғартар, даун синдромы, аутизм, церебралды сал ауруы, психикалық да-

мудың кешігуі, есту қабілеті бұзылған балалар мен күрделі дыбыс айту кемістігі бар жасөспірімдер қатысқан. Жас спортшылар диагноздары мен жас ерекшеліктеріне қарай бірнеше топқа бөлініп, жүлделерді сарап салды. Былтырғы жылмен салыстырғанда биылғы жарыста спорт саны көбейген, яғни жас

спортшылар жеңіл атлетика, гандбол, футбол, үстел теннисі, шоудаун, бочча және ұлттық ойындар, яғни бес тас, асық ату мен тоғызқұмалақ сайысы бойынша сынға түскен. Биыл алғаш рет бағдарламаға шоундаун ойыны енгізілген. Бұл — көру қабілеті төмен және көзі көрмейтін спортшыларға арналған бейімделген үстел теннисі.

Айта кетейік, аталған республикалық жарысқа ауданымыздан 3 оқушы қатысқан. Олар асық ату, қашыққа жүгіру және тоғызқұмалақ ойыны бойынша бақ сынаған.

Кейіпкеріміз Әділхан — 9 сынып оқушысы. Барлық пәннен үлгерімі жақсы, озат оқушы түрлі білім бөйгелерінен жүлделі орын иеленген. Жақында ғана ол ауыл мектептеріне арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың алғашқы кезеңіне қазақ тілі және әдебиеті пәні бойынша қатысып, көлесі кезеңге жолдама алған. Орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгерген кейіпкеріміздің мақсаты айқын.

— Мен бұл сайыста тоғызқұмалақ ойыны бойынша бақ сынадым. Бала күнімнен осы спорт жанымға жақын. Мамыр айында жетекшім тарапынан жарысқа қатысуға ұсыныс түсті. Содан бері мектептегі ұстаздарыммен үздіксіз дайындалдым. Бұл байқаудың аудандық кезеңі өтпеді, бірден облысқа барып, республикалық кезеңге жолдама алдым. Содан бері дайындықты тыңғылықты жүргізіп, «Наркескен» спорт клубындағы тоғызқұмалақ үйірмесінің жетекшісі, Әлем чемпионы Ақерке Батырбекқызынан ойынның қыр-сырын үйрендім. Жарыс аса қиын болған жоқ, керісінше унады. Ауданның абыройы үшін үздіктер бас қосқан додада барынша мұқият ойнауға тырыстым. Қазық 7 санын қашанда киелі санаған ғой, сондықтан мен де көбіне ойынды

7-ші отаудан бастаймын. Себебі бұл отау маған ойынды жеңіспен аяқтауыма септігін тигізді, — дейді Әділхан Болатбекұлы.

Айта кетейік, тоғызқұмалақ ойынына еліміздің 13 облысынан жас спортшылар қатысқан. Жас ерекшелігіне қарай 10 мен 13 жас аралығы, 14 пен 16 жас аралығы болып екі топқа бөлінген. Сондай-ақ ауқымды жарыс 2016 жылдан бері дәстүрлі түрде өткізіліп келеді.

Бүгінге дейін бірнеше оқушының жұлдызын жағып, жеңісті жолды жалғап жүрген жетекші оқушыларының ішінде Әділхан биыл алғаш рет республикалық байқауға жолдама жеңіп алған озат оқушы екенін айтты. Әрине, тоғызқұмалақ — адамның ойлау қабілетін, логикасын дамытатын қазақтың ұлттық ойындарының бірі. Өйтсе де 500-ден аса жас спортшы қатысқан тартысты бәсекеде топ жарып, үздік үштіктен төбе көрсету — екінің біріне бұйырмайтын бақ.

— Әділхан — өте алғыр, білімді шәкірттеріміздің бірі. Қашан көрсен де үнемі ізденіс үстінде жүреді. Мектептегі шараларға да белсене атсалысады. Ол — ойлау қабілеті жылдам, ұстаздары үлкен сенім артып отырған озат оқушы. Жарыс барысында өзінің алғырлығымен қатарластарынан оза шапты. Алдағы уақытта да үлкен белестерді бағындыратынына сенімім мол. Біз осындай озат оқушыларымызбен мақтанамыз. Сондай-ақ олардан қатарластары да үлгі алады, — дейді жетекшісі Гүлжанат Әділбекова.

Тоғызқұмалақ — ақыл-ойдың ұшқырлығын талап ететін ең күрделі ұлттық ойын. Ұлттық спорттымызды жандандырып, ұшқыр ой, қажырлы қабілетінің арқасында дүбірлі додада топ жарған тоғызқұмалақшы Әділханның жеңісті күндері көп болсын.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

«Аққұм-Жер» қамбасы астыққа толды



— Қазір «Лидердің» де қолданысқа енгеніне 12-13 жыл болып қалды, қанша дегенмен тұқым тозады ғой, бытыр күріш ауырды, биыл мұндай мәселе қайталанған жоқ. Мұның бәрін агрономның үлкен ізденісінің және шаруашылық ұжымның ауызбіршілікпен іс қылуының арқасында жеңіп отырмыз. Ерте көктемнен жерді уақытылы өңдедік, өнімге 6 түрлі тұйнайтқыш себіді. Уақытында су тапшылығы да болды, бұл тек бізде ғана емес, барлық шаруашылықта болды деп ойлаймын. Бірақ біздің диқанар мұның бәрін кезектесіп су алу арқылы еңсерді. Екіншіден, біз ротацияға басымдық береміз, күріш көлемін көбейтіп, одан сапасыз аным алған абырой емес, керісінше салаға жұмыс жасауымыз керек. Сонда ғана жаз бойы атқарған еңбегіміздің жемісін көруге жол ашылады. Биыл да еңбек адамдары талмай жұмыс жасады, соның арқасында биыл өнім жақсы болды. Егін жинау жұмыстары кезінде 1 күн жауын болды, несібемізге қалған күндері ауа райы да қарасты. Шүкір, қазір егін жинау жұмыстарын бірыңғайлап отырған жайымыз бар, — дейді төраға Рүстем Сәрсенбаев.

«Аққұм-Жер» ауылдағы 84 адамды жұмыспен қамтып отыр, алдағы уақытта жер көлемі көбейсе, төраға басқа да ауыл азаматтарының екі қолға бір күрек табуына мүмкіндік бермек. Күріштің бағасы соңғы уақытта күрт түсіп кетті, бірақ өткен жылы да, биыл да мұндағы еңбеккерлердің жалақысы көтерілген.

Шаруашылық күріштен бөлек 200 гектар бидай, 200 гектар жаңа жоңышқа егіп, 625 гектар ескі жоңышқаны күтімге алған. Ақерке жұмыстарын маусымның алғашқы онкүндігінде қорытындылап, бидайдың әр гектарынан 9 центнерден өнім жиды. Мұнан «Аққұм-Жердің» егінді ертаратпандырып, суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық бергенін аңғару қиын емес.

Шаруашылық соңғы уақытта техника паркін жаңалауға да басымдық берген. Жыл сайын маусымдық жұмыс басталғанда жаңадан 2-3 заманауи техника алады. Рүстем ағамыз келер жылы да егінге қажетті 2-3 техника келетінін айтады. Бұл жұмыстар еңбек өнімділігін арттыруда айтарлықтай маңызды рөл атқаратынын анық.

Біз бір нәрсені аңғардық, қазіргі таңда шаруашылыққа аймаққа игі істермен аты мәлім «Асыл дән» ЖШС демеуші болып келеді. Түсінгеніміз, серіктестік өз пайдасына ғана қадам жасап, табысқа бір өзі көнелуден ада екен. Керісінше осы ауылдың болашағына бас қатырады. «Қайтсек, Аққұмның әлеуетін арттырып, халқына жұмыс тауып береміз?» деген сауалға жауап іздейді. Серіктестіктің елді мекенде жаңа жобаларды қолға алып отырғаны да сондықтан. Бұйыртыс, олар Аққұмнан құс фабрикасын ашуды көздеп отыр. «Одан серіктестікке айтарлықтай пайда түседі» деу қиын, оны өздері де жақсы біледі. Бірақ олардың бар мақсаты — ауылдан осындай жарқын жобаларды көптеп ашып, халықты жұмыспен қамту.

— Кәсіпкер үшін бірінші кезекте табыс тұратынын анық, кім табысқа көнелгенді қаламайды дейсіз, біз барлық жағын зерттеп, мүмкіндігімізше осы ауылдың халқын жұмыспен қамтығымыз келеді. Бірақ оның бәрін бір мезетте жүзеге асыру да қиын шығар, сондықтан елгіндегі жобаларды кезең-кезеңімен жүзеге асырып, осы ауылдың екінші тынысын ашуға басымдық береміз, — дейді төраға Рүстем Сәрсенбаев.

Жалпы Рүстем ағамыз сөзінен ісі алшақ адамның сұрпынан емес, ол расында халықтың мәселесін бірінші орынға қоятын азамат екенін бұған дейін де дәлелдеген. Бұл сөзімізді ауылдағы апаттық жағдайдағы көпір мәселесіне қатысты жағдай қуаттайды. Ауыл әкімі елдің жайын айтып есігін қаққанда кет демеді, керісінше халыққа қажет дүние болса, қолдауға дайын екенін дәлелдеп, сол көпір құрылысына қыруар қаржы құйды. Бұл жоба жайында басылымның өткен сандарында мақала жазғанбыз.

Жалпы қазақта «кең болсаң, кем болмайсың» деген сөз бар, дәл осы сөз «Асыл дән» ЖШС ұжымына қаратып айтылғандай, Аққұмда күріш егіп, өз табысынан елдің мәселесін бірінші орынға қойды. Өлі де осы ауылдың абаттануына, әлеуетінің артуына басымдық беруге құлшынып отыр. Бұйыртыс, жарқын жобалары жүзеге аса, ауылдың басқа да азаматтары жұмыспен қамтылмақ. Алдағы уақытта елді мекеннің еңсе тіктеп, үлгілі ауылдар қатарынан көрінбесіне кім көпті? Ал бұған серіктестік ұжымы тер төуге дайын. «Мәскеу де бір күнде шаһар болған жоқ» дейтін еді аталарымыз. Алдағы уақытта Аққұмның да екінші тынысы ашылып, елдің өрсі кеңейеді деп сенеміз.

К.БАЛҒАБАЙҰЛЫ

Басы 1-бетте

Қариялар — асыл қазына

Мұнан бөлек шаруашылық жыл сайын ардагерлерге, ақжаулықты аналарға мереке қарсаңында құрмет көрсетуді дәстүрге айналдырған. Жағдайы төмен отбасыларға да азық-түлік үлестіруді өз міндетіне алыпты. Сондай-ақ жыл сайын шаруашылық демеушілігімен ауыл ардагерлері еліміздегі маңдайалды шипажайларға демалысқа барып, ем алады. Осыған дейін осындай шипажайларға 60-қа жуық ардагер шаруашылық демеушілігімен барып қайтты. Төраға Болат Ділдібеков алдағы уақытта тағы 30 ардагерге жолдама беруге ниетті.

— Осы ауылда өсіп, осы ауылда еңбек өткеннен кейін алдыңғы буынға құрмет көрсетіп, ауылдағы ағайынға көмек беруде жолымыздан қажылмаймыз. Бүгін де қаншама ардагерге қаржылай сыйақы үлестірдік. Қыс айларында жағдайы төмен отбасыларға қыстық көмірін қамдал береміз. Сондай-ақ жем-шөбің, жоңышқасын алып береміз. Алдағы уақытта ауылдың жарқын болашағына өлі де жұмыс жасаймыз. Бізге осындай игі жолды көрсеткен алдыңғы буын ғой, сондықтан олардан қашанда құрметімізді аямаймыз. Бастысы, қарттарымыз аман болсын, көше егілімізді үлкендердің батасымен, қолдауымен шашпай-төкпей жинап алдық, биыл да мол өнім алдық, алдағы уақытта да осындай игі шаралар жалғасын табады, — дейді Болат Ділдібеков.

Расында бүгінгі буынға бағдарлан болған қариялар қандай құрметке де лайық. Мұны шаруашылық ұжымы жақсы түсінеді. Жыл сайын сала ардагерлерін төріне шығарып, құрмет көрсетеді. Қашанда олардан құрметін һәм қолдауын аяған емес. Мұның өзі кейінгі буынға өнеге болары сөзсіз. Осыдан-ақ батыр атындағы ауыл жұртының ауызбіршілігін анық байқауға болады.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Басы 1-бетте

№8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Шоменова Лайла Шарипканиевнаның өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы



Өмірбаяны
Шоменова Лайла Шарипканиевна 1976 жылы 11 сәуірде Қызылорда облысы Жалағаш ауданы М.Шоменұлы атындағы ауылда дүниеге келген. Білімі жоғары, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Математика пәні мұғалімі» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 1997 жылы Жалағаш кентіндегі №123 мектеп-лицейде математика пәні мұғалімі ретінде бастаған. 2001-2002 жылдары №123 мектеп-лицей директорының орынбасары, 2002-2003 жылдары Жалағаш аудандық бі-

лім бөлімінде әдіскер, балалар құқығын қорғау жөніндегі маман болып қызмет атқарған.

2003-2005 жылдары №123 мектеп-лицейде мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 2005-2006 жылдары Жалағаш аудандық Оқушылар үйінің директоры болып абыройлы қызмет атқарды.

2006-2023 жылдары №123 Т.Жүргенов атындағы мектеп-лицей директоры болып қызмет атқарды. 2023 жылдан бастап Таң ауылындағы №118 орта мектептің директоры болып қызмет атқарды.

2011-2015 жылдары облыс әкімінің «Құрмет» грамотасымен, 2022 жылы облыс әкімінің алғыс хатымен, 2020 жылы ҚР Білім және ғылым министрінің «Құрмет» грамотасымен, 2016 жылы «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталды. Отбасылы, 1 бала тәрбиелеп отыр.

Сайлауалды бағдарламасы

Халық үшін – адал қызмет, ауыл үшін – жарқын болашақ!

Құрметті сайлаушылар!

Аудандық мәслихат депутаттары – халықтың сенімін аркалаған, ел мен жердің мәселесін билікке жеткізетін халық өкілдері. Бұл – зор жауапкершілік пен сенімді талап ететін міндет.

Мен «Ауыл» партиясының атынан аудандық мәслихат депутаты болып сайлауға қатысуға шешім қабылдадым. 30 жылға жуық білім саласында қызмет

атқарып келемін. Өзім туған, өсіп-өнген өңірдің мәселелерін терең білемін, сондықтан сіздердің үміттеріңізді ақтап, қордаланған мәселелердің шешімін табуға бар күшімді саламын.

Мен үшін басты мақсат – ауданымыздың, ауыл-аймақтың дамуына үлес қосу, халықтың талап-тілегін тыңдау, әділ әрі ашық жұмыс істеу.

Сіздердің сенімдеріңіз – мен үшін ең үлкен жауапкершілік! Енді сайлауалды бағдарламамның негізгі аспектілеріне тоқтайайын.

Білім беру – болашақтың кепілі
Ауданымыздағы мектептердің, соның ішінде ауыл мектептерінің сапалы білім беруін қамтамасыз етуге жұмыс жасаймын. Мұғалімдердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға атсалысамын. Дарынды балаларды қолдау, қосымша білім беру үйірмелерін дамытуға басымдық беремін. Мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға күш саламын.

Әлеуметтік қолдау және әділдік
Әлеуметтік әлсіз топтарды қорғау, яғни көпбалалы отбасыларға, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар азаматтарға нақты көмек көрсетуге жұмыс жасаймын. Ауыл жастарын жұмыспен қамтуға ықпал ету, кәсіптік білім мен кәсібилікті дамытуға жағдай жасауға тырысамын. Ауыл өмілдеріне қолдау көрсетуге басымдық беремін.

Жергілікті инфрақұрылым және ауылды дамыту

Ауылдардағы жолдарды, ауыссу және электр жүйесін жақсартуға ықпал етемін. Мәдениет үйлері мен спорт

алаңдарын дамытуға басымдық беремін. Ауыл шаруашылығын қолдау, жергілікті өнім өндірушілердің мүдделерін қорғауға жұмыс жасаймын.

Денсаулық сақтау және салауатты өмір салты

Аудан тұрғындарының қолжетімді медициналық қызмет алуын қамтамасыз етуге үлес қосамын. Спортты дамыту арқылы ауыл жастарын салауатты өмір салтына баулуға басымдық беремін. Дәрігерлер мен медицина қызметкерлерінің мәртебесін көтеру мәселесін қолдаймын.

Азаматтық қоғам және ашықтық

Халықтың ұсыныстары мен пікірлерін ескеріп, әрбір мәселесін билікке жеткіземін. Әр ауылдық округтің мәселесін тікелей халықпен кездесулер арқылы шешуге жұмыс жасаймын. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын жергілікті деңгейде жүзеге асыруға басымдық беремін.

Құрметті сайлаушылар!

Өңіріміздегіжергіліктітұрғындардың, оның ішінде ауыл халқының өмір сүру сапасын жақсартуға арналған сайлауалды бағдарламаны тек сіздердің қолдауларыңызбен жүзеге асырамын. Егер мен Жалағаш аудандық мәслихатының депутаты болып сайлансам, жоғарыда көрсетілген бағдарламамның жүзеге асырылуына бар күш-қайратымды жұмсаймын және сол мақсатымды жүзеге асыру жолында сіздердің қолдауларыңызға сүйенемін.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Сариева Салтанат Сергеевнаның өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы



Өмірбаяны
Сариева Салтанат Сергеевна 1982 жылы 16 желтоқсанда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Еңбек ауылында дүниеге келген. 1990-1999 жылдары Еңбек ауылындағы Мардан Бәйділдаев атындағы №232 орта мектепте білім алған. 1999-2003 жылдары М.Мәмөтова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжінде «Шетел тілі» факультетінде оқыған.

2003 жылы Қызылорда қаласындағы Болашақ университетіне түсіп, 2006 жылы шетел тілі мамандығы бойынша диплом алды.

2004 жылдан бастап Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққум ауылындағы Алдаберген Бисенов атындағы №38 орта мектепте ағылшын тілі пәні мұғалімі болып жұмыс жасайды.

2019 жылдың тамыз айынан бастап мектеп директорының ғылыми әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары қызметін атқарып келеді.

2019 жылы «Үлгілі қысқамерзімді жоспарлау» тақырыбында өткізілген облыстық байқауда үлгілі жұмыстарын көрсеткені және шығармашылық ізденісі үшін алғыс хатпен марапатталды.

Облыстық «Сабақты жоспарлау: мақсат қою, дамыту, рефлексия» «Үздік қысқамерзімді жоспар – 2023» байқауында III орын, 2022-2023 және 2023-2024 оқуы жылдарында ғылыми жоба байқауларында оқушылары II және III орын, 2024 жылы «Абай» жалпы пәндік олимпиадасының облыстық кезеңінде II орын иеленді.

2020 жылы аудандық білім бөлімінің «Құрмет» грамотасы, 2021 жылы Қызылорда облыстық білім басқармасының алғыс хаты, 2024 жылы Қызылорда облыстық білім басқармасының «Құрмет» грамотасымен марапатталды.

Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің семинарларына қатысып, сабақтар көрсетіп жүр. Үздік баяндамалар мен үздік сабақтары республикалық журналға және жинаққа жарияланды.

Отбасылы, 3 ұл тәрбиелеп отыр.

Сайлауалды бағдарламасы

Жалпы сайлауға түсудегі басты мақсатым – елдің ертіне еңбек етіп, ауданның, яғни туған жердің дамуына тамшыдай болса да өз үлесімді қосу. Ал алдағы саяси науқан маған осы мақ-

сатымды жүзеге асыруға берілген үлкен мүмкіндік деп білемін. Сондықтан сіздердің қолдауларыңызбен алдағы уақытта өңірдің өркендеуіне еңбек етуге дайынмын.

Жалпы мен бұл сайлауға тыңғылықты мақсатпен келдім. Үміткер болар алдында өз алдыма үлкен мақсат қойдым. Оның барлығы туған жерді түлетуге негізделген. Сондықтан алдағы уақытта ауылдың, ауданның дамуына жұмыс жасау үшін осы саяси науқанда бақ сынауға бел буып отырымын.

Жол сапасы бөрінен маңызды
Жалпы ауданда соңғы жылдары жол құрылысы қарқын алды деп айтуға толық негіз бар. Алайда бұл ауданда жол сапасына қатысты енді ешқандай мәселе жоқ дегенді білдірмейді. Әлі де Жалағаш ауданында жол сапасына қатысты шешімін табуы тиіс мәселелер бар. Сондықтан алдағы уақытта осындай мәселелерді аудандық мәслихат мінберінде көтеріп, оның шешімін табуына жұмыс жасаймын.

Білім – маңызды сала
Елімізде білім саласына бұрыннан қолдау бар, қазір бұл қолдау қарқынды артпаса, бәсеңдеген емес. Сондықтан алдағы уақытта ауданда бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруда білім сапасын арттыруға басымдық беремін. Өзім осы саланың қызметкері болғандықтан бұл жағы қыныға соқпайды деп ойлаймын.

Екінші кезекте ауыл мен қала мектептерінің арасындағы білім сапасына қатысты алшақтыққа жол бермеуге күш саламын. Оқушылардың білім мен бойындағы талантын шыңдауы үшін олардың қосымша үйірмелермен қамтылуын қадағалаймын.

Ауыл шаруашылығын дамыту – басты міндет

Иә, Жалағаш аграрлық аудан болғандықтан ауданда ауыл шаруашылығын дамытуға барлық жағдай жасалған. Қазір аяқсу қыын шақта егінді өртараптандыру маңызды рөл атқарады. Қарапалым шаруа адамдарының құқығын қорғауға жұмыс жасаймын. Шаруашылық иелерінің мемлекеттік қолдауларға қол жеткізуіне бар қарым-қабілетімді жұмсаймын.

Салауатты өмір салтын ұстану – денсаулық кепілі

Мен үшін халықтың денсаулығы бөрінен маңызды. Сондықтан олардың кез келген уақытта сапалы медициналық көмек алуына жағдай жасаймын. Халық арасында салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығын түсіндіріп, олардың денсаулығына бейжай қарауына жол бермеймін.

Спорт та елдегі ең маңызды саланың бірі екені айтпаса да түсінікті. Сондықтан алдағы уақытта ауылдық елді мекендерде спорттық кешендердің бой көтеругіне ықпал етіп, ауылдық елді мекендерде спорттық үйірмелердің көптеп жұмыс жасауына жағдай жасаймын. Біз осындай жағдай жасау арқылы елдің спорт саласын серпін беріп, қарапалым ауыл балаларынан чемпион шығаруға қол ашамыз.

Жалпы бұл сайлауда елдің ертіне не қажетті басқа да жобаларым, мақсаттарым жетерлік. Ал оны жүзеге асыру үшін бірінше кезекте сайлаушылар қолдауы қажет. Сондықтан сіздердің қолдауларыңызбен депутат болып сайлансам, алдағы уақытта жалағаштықтардың жарқын болашағына еңбек етемін. Мен үшін сайлаушылардың әр дауысы жауапкершілік жүктейді.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Фараби Асылбекұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы



Өмірбаяны
Фараби Асылбекұлы 1996 жылы 15 наурызда Қызылорда облысы Жалағаш ауданында дүниеге келген. 2003 жылы №31 мектепке 1-сыныпқа қабылданып, жалпы орта білім алды. 2012 жылы М.Мәмөтова атындағы гуманитарлық-педагогикалық колледжге оқуға түсіп, 2016 жылы аталған оқу орнын аяқтады.

2016 жылы Зейнолла Жарқынбаев атындағы №202 орта мектепке дене шынықтыру пәні мұғалімі болып қабылданды. Еңбек жолын осы білім ордасынан бастады. 2023 жылы №188 орта мектепке

мектеп директорының бағдарлы оқыту ісі жөніндегі орынбасары болып қызметке орналасты.

2024 жылдан бастап №203 орта мектепте мектеп директорының орынбасары қызметін атқарып келеді.

Қазіргі уақытта ұстаздық және басшылық қызметін абыроймен жалғастырып келеді.

Отбасылы, бір ұл, бір қыз тәрбиелеп отыр.

Сайлауалды бағдарламасы

Шыны керек, соңғы жылдары ауданда ауқымды жобалар жүзеге асуда. Бірақ бұл өңірде енді ешқандай мәселе жоқ деген сөз емес, керісінше осындай қарқынды жұмысты әрі қарай жалғастыру керек. Сонда ғана ауданға қарасты елді мекендердің екінші тынысы ашылып, ауданның өрісі кеңейеді. Ал оны жүзеге асыру – баршамызға ортақ міндет.

Кез келген адамға туған жерін түлету – үлкен арман. Ал оны жүзеге асыру үшін еңбек қажет. Еңбектену үшін алдымен адамда жауапкершілік, табандылық, қайсарлық болуы керек. Мен де алдағы уақытта туған жердің түлеуіне жұмыс жасаймын деп шешім қабылдадым. Алдағы саяси науқан оны жүзеге асыруға маған берілген мүмкіндік деп білемін.

Жалпы ауданның екінші тынысын ашып, өңірдің өркендеуі үшін қандай жобалар қолға алынуы тиіс? Ауданда өлі де шешімін табуы керек қандай мәселелер бар? Қайтсек елдің тұрмыс сапасын арттыруға жол ашылады?

Көше үміткер болар алдында осы мәселелер мені көп ойландырды. Сондай-ақ сайлауалды бағдарламамда осы сауалдардың түйінін тарқатуға тырыстым.

Ауыл дамыса, алға басамыз

Ауданның екінші тынысын ашамын десек, ең алдымен ауылдық елді мекендердің болашағына бас қатыруымыз керек. Ол үшін бірінші кезекте ауылдық жерде жұмыссыздықпен күресу қажет. Сонда ғана ауылдағы ағайынның тұрмыс сапасының артуына, әлеуметтік әлеуетінің жақсаруына даңғыл жол ашылады.

Енді «Ауылдық жерде қалай жұмыссыздық мәселесін шешеміз?» деген заңды сауал туындайды. Бұл сұрақтың түйінін кәсіпкерлік сапасын дамыту арқылы тарқатамыз. Қазір мемлекет тарапынан кәсіпкерлік сапасына қолдау басым, қайтарымсыз грант, төмен пайызбен несие – кәсіпкерлікті дамытудың тиімді тетігі. Ал оны алуға мемлекет бар жағдайды жасап отыр.

Жалпы жұмыссыздық пен бұл саланы бір-бірінен ажырата алмайсыз. Қай өңірде кәсіпкерлік дамыды, сол елді мекенде жұмыссыздық айтарлықтай төмендейді, сәйкесінше елдің тұрмыс сапасы арта береді. Міне, осы ретте біз ауылдық жерде кәсіпкерлік сапасының дамуына бар жағдайды жасауымыз керек. Ауылдағы ағайынның мемлекеттің қолдауға ие болуына күш салып, олардың кәсіптен айналысуына бағыт беріміз керек. Сонда ғана ауылда жұмыссыздық мәселесі төмендейді.

Сапалы білім – жарқын болашақ кепілі

Қазір білектің емес, білімдінің заманы екені айтпаса да түсінікті. Сондықтан ауданда білім сапасының артуына күш саламын. Салада қандай мәселелер бар, соның барлығын мәслихат мінберінде көтеріп, оң шешімін табуына жұмыс жасаймын. Шалғай ауылдарда интернет сапасының жақсаруына жұмыс жасап, ауылдың инфрақұрылымының жақсаруына күш саламын. Мұның бәрі қазіргі заманда білім сапасына айтарлық оң әсер ететіні сөзсіз.

Денсаулық сақтау саласы бөрінен маңызды

Қазір медицина саласы дамыған, сондықтан халықтың кез келген уақытта сапалы медициналық көмек алуына қол ашамын. Салада қордаланған қандай мәселелер бар, соның барлығы оң шешімін табуы үшін мемлекет мінберінде көтеріп, елдің денсаулығының жақсаруына жұмыс жасаймын. Саладағы жас мамандардың мемлекеттік қолдауға ие болуын қамтамасыз етіп, ауылға білікті мамандар тартуға күш саламын.

Жол сапасы жақсаруы тиіс

Ауданда соңғы бес жылдықта жол құрылысы қарқын алды, бірқатар ішкі көше мен жолдың сапасы айтарлықтай жақсарды. Бірақ әлі де бұл салада мәселелер жоқ емес. Сондықтан алдағы уақытта ауылдық елді мекендерде жол сапасының жақсаруына жұмыс жасаймын.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

Таным



Ғибратқа толы ғұмыр

Өмірден өзі өтсе де артында нәтижелі еңбегімен із қалдырған, өнегелі өмір сүрген, адами болмысымен, кісілігімен замандастарының көңілінде жүретін жандар болады. Осындай жанның бірі – Бердан Әмитов. Бердан інімізді мен қызмет бабымен Жалағаш ауданындағы 18 қыркүйекте дүниеге келген. Ауылдағы мектеп табалдырығын аттап, кейін шаруашылықтың қазіргі М.Шоменов ауылымен бірігуіне байланысты осы ауылда 1962 жылы №34 «Ііркөл» орта мектебін бітіреді.

Мектеп бітіргеннен кейін екі жыл Қызылорда күріш тәжірибе стансасында, үш жыл Кеңес әскері қатарында әскери борышын атқарып, туған ауылында тағы 1 жыл есепші болып небәрі 5-6 жыл қызмет істеп, өмір тәжірибесін байытады. Тәжірибе жинақтаған Бердан 1968 жылы Ресейдің Саратов қаласына барып, ауылда өскен қазақтың қарапалым баласы сабақ орыс тілінде жүретін ондағы ауыл шаруашылығы институтына оқуға түсіп, бухгалтер-экономист мамандығы бойынша үздік оқып, қызыл диплом алады. Туған ауылына келген ол 1972-1977 жылдары мамандығы бойынша бухгалтер болып қызмет атқарады. Мен Таң кеңшарына директор болып барғанымда Бердан бас бухгалтердің орынбасары қызметін атқарды.

Ол біріншіден, өз мамандығының білгірі еді. Шаруашылықтың есеп қызметін де, экономикалық қызметін де жетік меңгерген, өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарайтын жас кадр еді. Сол кездің өзінде кез келген шаруашылыққа бас есепші мен бас экономист болып істеп кете алатын жағдайда болатын. Шаруашылықта бас есепші де, бас экономист те көптен істеп келе жатқан мамандар болғандықтан оларды ауыстырып, орнына Берданды қызметке қоюға мүмкіндік болмады.

Екінші бір қасиеті, мөрімді науқанды жұмыс кездерінде шаруашылықтың басқа мамандарындай емес, кез келген қара жұмыстан тартынбай араласып кете беретін. Мен қызметке барған кезде шаруашылықта жұмысшы кадрлар жетіспейтін. Әсіресе механизаторлар кемшілі болатын. Шаруашылықтағы бір механизаторға екі, үштен техника бекітілетін.

Осындай жағдайда Бердан көктемгі егін ету мен күзгі астық жинау науқаны кезінде трактор айдап, тұқым себуге, астық тасуға көмек беретін. Бұл оның институтқа дейін өндіріске араласып, еңбек еткенінің нәтижесі болатын. Ол осындай өзінң қасиеттерін маман ретінде, өз кәсібінің білгірі ретінде сол жылдары аудан басшылығының көзіне түсе бастады. Көп ұзамай аудандық партия комитеті Аққум кеңшарына бас бухгалтерлік қызметіне тағайындау үшін бізден Берданды босатуды сұрады. Біз қиял, біршама уақыт келісім бермедік. Дегенмен өзімізде қызметін есіруге мүмкіндік болмаған соң, амалсыз келісуге тура келді. Сөйтіп Бердан 1977-1983 жылдары аралығында Аққум кеңшарында бас бухгалтер болып қызмет атқарды.

Бұл қызметте де абыройлы болды, білікті маман ретінде танылды. Елмен азаматтармен араласты, олардың арасында сыйлы болды. Мамандығы бойынша біліктілігін арттыра түсті, ауданның мықты да тәжірибелі мамандарының қатарында болды. Біз оның туған ауылының азаматтары Берданның қызметтегі табыстарына қуанып жүрдік.

Осындай абыройлы қызмет атқарып жүрген кезінде шаруашылықтағы болған келеңсіз жағдай Берданды да шаарып өтті. Аққарып жүрген қызметінен босады, партиялық жаза алды. Біршама уақыт түрлі мекемелерде мамандығы бойынша қатардағы есепші болып қызмет атқарды.

1985 жылдың басында облыс басшылығында біршама өзгерістер болды. Обкомның бірінші хатшысы болды Н.Әуелбеков, екінші хатшылығына Е.Золоторев, облыстық кеңес атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, облыстық агроөнеркәсіп кешенінің төрағасы қызметіне Н.Ибраев келді. Мен де сол жылдың күзінде басқа қызметке ауысқан О.Ысқақовтың орнына аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасының бірінші орынбасары қызметіне келдім.

Жылдың аяғына қарай ауыл шаруашылығы басқармасы аудандық агроөнеркәсіп бірлестігі болып қайта құрылып, оның қарамағына аудандық барлық ауыл шаруашылығына қызмет ететін мекемені берді. Бір сөзбен айтқанда, аудандағы бюджеттік мекемелерден басқа барлығы бір қолға жинақталды. Осыныша шаруашылықты басқару үшін көмекке мықты маман кадрлар керек екені түсінікті. Жаңа кадрлар іздестіріле бастады. Осындай кадрлардың бірі Бердан болды. Оны партиялық жазасымен қызметке алу қиындығы бар еді. Дегенмен аудандық партия комитеті обкомға, мен облыстағы бастығым Н.Ибраевқа қайта-қайта мәселе қойып, олардың келісімін алды.

Сөйтіп Бердан 1986 жылдан бастап аудандық агроөнеркәсіп бірлестігіне қызметке алынды. Ол осы жерде 1991 жылға дейін бас экономист, жоспарлау бөлімінің бастығы, қаржы бөлімінің бастығы, бас есепші қызметтерін абыроймен атқарып, 1991 жылдан бастап аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарды.

Берданның еліміз егемендік алып, экономиканы жаңа, нарықтық экономикаға көшіру кезіндегі еңбегі бір төбе. Ол 1992-2008 жылдары аралығында мемлекеттік қаржы бақылау комитетінің аудандық бөлімшесін, Агропромбанктың аудандық филиалын, аудандық салық комитетін басқарып, аудандық мәслихаттың алғашқы төрт шақырылымында депутат болып сайланып, оның тексеру комиссиясының төрағасы бола жүріп, нарық жағдайында ауданның қаржылық институттарының алғашқы қарлығаштарының қалыптасуының негізін қалады, ауданның экономикасының нарыққа көшуіне өз үлесін қосты.

Бердан Әмитов көп жылғы атқарған абыройлы еңбегі үшін бірнеше медальмен, грамоталармен марапатталды. 2011 жылы «Жалағаш ауданының құрметті азаматы» аталын алды. Өмірлік жары Шара екеуі үлгілі отбасы бола білді. Дүниеге келген балаларына өнегелі тәрбие берді. Олар бүгінде өмірден өз орнын тауып, мемлекеттің дамуына еңбек етуде.

Бердан еңбек демалысына шыққаннан кейін де отбасында отырып қалмай, ауданның қоғамдық өміріне белсене араласты, өзімен тұтас қызмет еткен еңбек демалысындағы ауданның қаржыгерлері мен экономист өріптестерімен байланысты үзбей, өзімен бұрынғыдан да жақсы қарым-қатынаста болды. Олардың басын біріктіруде, бір-бірінің қуанышын бөлісуде орталарынан табылып, басқосуларының ұйтқысы бола білді. Аудан тарихында өзінің еңбегімен өшпестей із қалдырған, ауданның ауыл шаруашылығының қаржы, экономикалық және жоспарлау саласының білгірі және осы салада еңбек еткен барша кадр өзін ұстазым деп санайтын Зинаддин Дүйсенбаев туралы кітап шығарып, оны еске алуды ұйымдастырып өткізуде де ардагер өріптестерімен бірге үлкен еңбек жасады. Аудан ғана емес Сыр өңірінің экономикасының өсіп-өркендеуіне үлес қосқан өріпте ардагерлер туралы Т.Ембергеновтің кітабының шығуына да өз үлесін қоса білді.

Берданның бойында табиғатынан біткен ыждағаттылық, ұқыптылық, тапсырылған іске асқан жауапкершілікпен қарайтын қасиеттер болатын. Әрбір істеген ісі, ол үлкен болсын, кіші болсын, қызметте болсын, турмыста болсын жауапкершілікпен қарап, тиянақты атқаратын. Бұл қасиетті ол өмірлік қағидасына айналдырды.

Аудандық ардагерлер ұйымының жұмысына да белс



Сала жұмысын саралады

Қазақта «Апат айтып келмейді, өрт – тілсіз жау» деп текке айтылмаған. Табиғи апаттың ішінде адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға орасан зиян тигізетін алапат апаттың бірі – өрт. Тілсіз жауды болдырмау немесе алдын алу бағытында аудандық төтенше жағдайлар бөлімі жүйелі жұмыс атқаруда. Әйтсе де жүргізіліп жатқан профилактикалық жұмыстарға қарамастан жыл басынан бері ауданда 20 өрт оқиғасы тіркелген. Өрттің басым бөлігі, яғни 12 өрт тұрғын үй секторында, 6 өрт автокөлікте, 1 өрт орманда, 1 өрт нысанда орын алған. Бұл туралы аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Мұхтар Белсенбаев БАҚ өкілдерінің қатысуымен өткен брифингте баяндап, жыл басынан бері аудан көлемінде атқарылған жұмыстарды саралады.

Иә, төтенше жағдайлармен күресу оңай шаруа емес, бөлім бастығының сөзіне сенсек, аудан гарнизонының штат бойынша қырыққа жуық қызметкері бар. Оның ішінде төтенше жағдайлар бөлімінде 4, №11 өрт сөндіру бөлімінде 35 қызметкер жұмыс істейді. Сондай-ақ 3 өрт сөндіру автокөлігі бар.

Жыл басынан бері бөлімге 96 хабарлама түскен. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 42 пайыз көбейген. Тіркелген 20 өрттің жалпы шығыны 6 млн 170 мың теңгені құрайды. Өткен жылмен салыстырғанда орын алған өрт 40 пайыз көбейіп, өрттен келген материалдық шығын 28 пайыз артқан.

Жалпы төтенше жағдайлар бөлімінің негізгі қызметі – төтенше жағдайларды болдырмау немесе алдын алу. Сала мамандары аудан тұрғындарын суға шомылу маусымында су айдындарындағы қауіпсіздік шараларын сақтауға шақырып, жылу беру маусымында білім, денсаулық және әлеуметтік нысандардың дайындық жұмыстарын үнемі бақылауында ұстайды. Сондай-ақ аудан аумағында орналасқан жеке тұрғын үй секторларында өрт қауіпсіздігінің ереже-тапптарын сақтау мен көмірқышқыл газынан улану фактілерінің алдын алу бағытында, аудан көлеміндегі егін жинау науқаны кезінде олардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тұ-

сіндірме жұмыстарын жүргізіп, төтенше жағдайлар қаупі туындаса, хабар беру қажеттігін ескертуде. Әйтсе де бөлім бастысының айтуынша, ескертуге елең етпейтін тұрғындар көп. Себебі соңғы уақытта аудан көлемінде орын алып жатқан өрт тұрғындардың батыратын өртті болдырмаудың бірден-бір жолы – оның алдын алу. Бүгінде ауданда барлығы 707 гидрант бар. Оның 163-і көнште, 532-сі ауылдық елді мекендерде орналасқан, 12-сі нысандарда. Барлығы жарамды күйде, толық бақылауда. Мұнан бөлек бізде электронды карта да бар, яғни бір жерде өрт оқиғасы орын алса, соған жақын қай маңда өрт гидранты бар, соны анықтап береді. Бұл бір жағынан орын алған өртті дер кезінде ауыздықтауға мүмкіндік береді, – дейді спикер.

Мұнан бөлек ауданға қарасты ауылдарды тілсіз жаудан қорғау мақсатында Мәдениет, Аламосек, М.Шәменов, Таң ауылдарынан өрт сөндіру бекеті ашылған. Әр бекет өзіне жақын ауылдарда қандайда бір өрт шықса, көмекке барып, ауыл ерік-тілерімен бірге өртті ауыздықтауға атсалысады. Сондай-ақ биылдан бастап «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы да іске қосылған.

уақытында шығаруды ескертеміз. Өздеріңіз білетіндей, соңғы жылдары елімізде орман өрті өршіп тұр. Сондай-ақ ауылдарда орын алатын өрттің басым көпшілігі тұрғын үй секторларында, яғни электр сымдарының қысқаша тұйықталу салдарынан болады. Жан-жағын жайпап өтіп, қыруар шығынға батыратын өртті болдырмаудың бірден-бір жолы – оның алдын алу. Бүгінде ауданда барлығы 707 гидрант бар. Оның 163-і көнште, 532-сі ауылдық елді мекендерде орналасқан, 12-сі нысандарда. Барлығы жарамды күйде, толық бақылауда. Мұнан бөлек бізде электронды карта да бар, яғни бір жерде өрт оқиғасы орын алса, соған жақын қай маңда өрт гидранты бар, соны анықтап береді. Бұл бір жағынан орын алған өртті дер кезінде ауыздықтауға мүмкіндік береді, – дейді спикер.

Мұнан бөлек ауданға қарасты ауылдарды тілсіз жаудан қорғау мақсатында Мәдениет, Аламосек, М.Шәменов, Таң ауылдарынан өрт сөндіру бекеті ашылған. Әр бекет өзіне жақын ауылдарда қандайда бір өрт шықса, көмекке барып, ауыл ерік-тілерімен бірге өртті ауыздықтауға атсалысады. Сондай-ақ биылдан бастап «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы да іске қосылған.

Көнттен шалғай орналасқан ауылдарда қандайда бір өрт орын алғанда аудан орталығынан баратын өрт сөндіру көлігі көшігіп, ауылдағы талай үй мен қора өртке оранып жатқанын естіп жүрміз. Осы орайда ауылдағы ағайынның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Ауыл құтқарушылары» жобасы өз жұмысын бастаған. Бұл бастама аясында ауыл ішінде ерікті өрт сөндіру жасағы құрылып, оларды қажетті техникамен жабдықтаған.

Спикердің сөзіне сенсек, қазіргі таңда «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында өрт сөндіру бекетінің құрылысы Есет батыр ауылдық округінде жүріп жатыр. Оған «Ибраев Б» шаруа қожалығының төрағасы Бақыт Ибраев демейшілік етіп отыр. Ауданы 12х6 метр болатын 2 бөлмелі өрт сөндіру бекетінің құрылыс жұмыстары бүгінде қарқынды жүруде.

Айта кетейік, аталған бөлім қызметкерлері әр сенбі сайын таңғы сағат 9.00-ден түскі сағат 15.00-ге дейін аудан тұрғындарын және басқа да ауылдық округтерді аралап, тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі, газ және электр жабдықтарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Сондай-ақ тұрғын үй

секторында өрттің өсуіне және адам шығынына жол бермеу мақсатында профилактикалық іс-шараларды жүйелі өткізіп келеді.

– Талапқа сай жылу беру маусымында пештің түтін шығу жолдары екі-үш рет тазалану қажет. Алайда тұрғындар түтін жолдарын мүлдем тазаламай салғырттық танытады. Көмірдің сапасына да мән беру керек. Дұрыс жанбаған көмір салдарынан азаматтардың улану жағдайы орын алып жатады. Жылу беру маусымы қарсаңында үгіт-насихат жұмыстары кезінде аудан бойынша әлеуметтік осал топтарға жататын 130 отбасының тізімі нақтыланды. Барлық тұрғын үйге рейдтік іс-шара барысында өрт қауіпсіздігі ереже-тапптары түсіндіріліп, 60 дана көмірқышқыл газын анықтайтын датчик орнатылды, – дейді спикер.

Айта кетейік, бөлім тарапынан «Көмірқышқыл газы адам өміріне қауіпті», «Жағылған қоқыстарды бақылаусыз қалдырмау», «Сірпіке балаларға арналған ойыншық емес», «Балаларды қараусыз қалдырмау» тақырыптарында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, арнайы дайындалған жадынамалар таратылуда. Тұрғындардың жылу беру кезеңіндегі өрт қауіпсіздігіне қатысты ереже-тапптарын қатаң сақтап, оқыс оқиғалардың алдын алу төтенше жағдайлар бөлімі қызметкерлерінің басты назарында.

Жылда төтенше жағдайлар бөлімі мен №11 өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлері, еріктілер мен полиция бөлімі бірлесіп, жаз мезгілінде күнделікті тұрғындарға белгіленбеген орындарда суға шомылуға қатаң тыйым салынатынын, балаларды қараусыз қалдырмау керектігін, ішімдік ішіп, мас күйінде суға шомылуға болмайтынын жіті түсіндіріп, тұрақты рейд жұмыстарын жүргізіп келеді. Нәтиже де жоқ емес, биыл суға шомылу маусымында аудан аумағында суға кету оқиғалары орын алған жоқ. Сондай-ақ аудан көлемінде «Суға тусу маусымындағы қауіпсіздік ережелері» тақырыбында 10 билборд және 23 ескерту тақтайшасы, әкімдік тарапынан су айдындарына бағытталған 3 бейнекамера орнатылған. Су айдындарында рейд жүргізу барысында ҚР ЭҚБТК-нің 412-бабы бойынша 2 жеке тұлғаға 27 524 теңге айыппұл салынып, уақытылы өндірілген.

Аталған бөлім қызметкерлерінің жұмысы жылдың төрт мезгілінде де қайнап жатады. Себебі олар қақаған қыстың аязы мен шілпіріп шілденің ыстығына қарамастан адам өміріне қауіп төндіретін жағдайлардың алдын алу бағытында табанды еңбек етуде.

Қауіпсіздік қаперден шықса, соны орны толмас қайғымен аяқталуы мүмкін. «Сақтаңсақ, сақтайтыным» қаперден шығармаған жөн, бір сөзбен айтқанда, сақтық шаралары қай уақытта да қаперде болғаны дұрыс.

Апат айтып келмейді, әйтсе де алдын алуымыз қажет. Брифинг соңында Мұхтар Тұрсынханұлы тұрғындарды қарапайым қауіпсіздік ережелеріне құлақ түріп, қаперге алуын сұрады.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Маман мерейі

Өрт сөндіруші Дулат

Қызыл жалынның ортасында жүріп, біреудің жанын ажалдан арашалап қалу – нағыз батырлық. Төтенше жағдай туындағанда қауіптен қашпай, тіршілік тыныштығын қамтамасыз ететін – өрт сөндірушілер. Ең қауіпті мамандықтың бірі болғандықтан бұл сала батылдық мен өжеттікті талап етеді. Себебі бұл маман иелері көбінесе үлкен апатпен бетпе-бет келеді. Оларды бүгінгі күннің батыры десек, артық болмас. Өрт сөндірушілердің бір күндік жұмыс барысы қалай өрбитінін көзбен көріп, танысу мақсатында таңмен таласып, әріптесім екеуіміз аудан орталығында орналасқан №11 өрт сөндіру бөліміне арнайы атбасын бұрдық.

Кейіпкеріміз Дулат Алтынбек – №11 өрт сөндіру бөлімінің аға өрт сөндірушісі, құтқарушы, азаматтық қорғау сержанты. Ол 2015 жылдан бастап өрт сөндіруші болса, 2017 жылдан бастап аға өрт сөндіруші болып қызмет жасауда. Осындай жауапкершілігі мол мамандықты абыроймен атқарып жүрген Дулат адам өмірін апаттан аман алып қалу мен өртті ауыздықтауда адамзат баласына көмектесуді қызметтік міндет емес, азаматтық парыз деп қабылдайды.

– Өрт сөндіру – жүректілердің мамандығы. Бұл салаға кез келген адам келмейді. Біздің қызмет өжеттілік, батылдық пен төзімділікті талап етеді. Құтқару қызметінің әр күні қауіп-қатерге толы. Соған қарамастан жұмысым өзіме қатты ұнайды. Кейде шақыртулар түскен кезде бойды үрей билейтіні рас. Алайда біздің салада қорқақтыққа орын жоқ. Әр күн сайын үйде ата-анам мен жұбайым амандығымыз да күш сыйлайтын болуы керек, өзім сенімді түрде қызметіме кірісемін. Ең бастысы, орын алған жағдайға қай уақыт, қандай жерде болсын сақадай сай тұру азаматтық борышымыз екенін ұмытпаймыз. Өрт – күтпеген сәтте орын алатын апат. Мұндай кезде басты мақсат – адам өмірін құтқару. Сол себепті

әр шақырту біз үшін үлкен жауапкершілік екенін жақсы білеміз. Бір адамның емес, бірлікке негізделген команданың жұмысы. Әріптестеріммен иық тіресіп, талай қауіпті жағдайдың алдын алдық, – дейді жас құтқарушы.

Бір сәт қателік жіберуге келмитін бұл қызмет қырағылықты талап етеді. Өрт сөндірушілердің өмірінде түрлі оқиғалар болады, бірақ кейбір сәттер ерекше есте қалады. Нағыз батырлық осындай сын сағаттарда байқалады. Сұхбат барысында кейіпкеріміз өрт сөндірушілер кез келген уақытта, қандай жағдай болсын адам өмірін құтқаруға дайын екенін жеткізді. Олар күнделікті кезекшілікке шыққан уақытта түрлі жағдайлармен бетпе-бет келіп, тосыннан тұтанатын қызыл жалынмен арпалысып, өз өмірлерін қатерге тігіп, өзгелерді құтқарады. Кейіпкеріміз оқыс оқиға орын алған жағдайда қою түтін арасында қозғалып, жүгіріп, секіру, салмағы 20 келі болатын шланганың өзін ұстап жүру кейде қиынға соғатынын жеткізді.

– 2021 жылдың қараша айы болатын. «А.Ізтілеуов көшесі бойындағы бір үйден өрт шығып жатыр» деген хабарлама түсті. Біз дереу оқиға орнына жеттік. Сол сәтте өртті толық таратып алмай, адамдарды қауіпсіз жерге шығаруды ойладым. Жарылғыс қауіпін

болдырмау үшін тез арада газ баллонын қауіпсіз аймаққа алып шықтым. Абырой болғанда, адамдар аман қалып, өрт дер кезінде ауыздықталды. Өрт тілсіз жау болғанымен өздігінен пайда болмайды. Ол көп жағдайда адамдардың ұқыпсыздығынан, бейқамдығынан шығып жатады. Адамдарды өрт қауіпсіздігін сақтауға шақырып, алдын алу жұмыстарын жүргізсек те мән бермей жатады, – дейді өз саласының майталманы.

Оның бұл ерлігі – жай кездейсоқтық емес, нағыз кәсібиліктің көрінісі. Жылдам шешім қабылдап, өз өмірін қатерге тіге отырып, адам қауіпсіздігін қамтамасыз еткен өрт сөндіруші сол оқиға үшін ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің арнайы алғыс хатымен марапатталған.

Уақытпен санаспайтын мамандық иелерінің әр күні қарбаласқа толы. Олардың жұмысы ешқашан жеңіл болған емес. Бір сәтке босансуға болмайтын бұл мамандық иелері үшін әр шақырту – жаңа сын.

Айта кетейік, бөлімде кезекші құраммен бірге күнделікті сабақтар жүргізіледі. Бұл сабақтар барысында қызметкерлер төтенше жағдай орын алған кезде қалай әрекет ету керектігін үйренеді. Өрт шыққан сәтте үйлесімді жұмыс жасау, өрт таралуын тоқтату жолдары пысықталады. Сонымен қатар

құрал-жабдықтармен дұрыс жұмыс жасау жөнінде арнайы нұсқаулықтар өткізіледі. Әр қызметкер қауіпсіздік ережелерін жақсы білуі қажет. Мұндай сабақтар өрт сөндірушілердің көсіби дайындық деңгейін көтеріп, кез келген жағдайда батыл да шашпан әрекет етуге үйретеді.

– Күнделікті дайындық біз үшін міндетті. Себебі дабыл қағылғанда сасқалақтамай, әркім өз жұмысын жақсы орындауы керек. Бірі су берсе, бірі құтқару жұмысына кіріседі. Бұл салада қызмет етіп жүргенімді мақтанашпен айтамын. Тұрғындарды құтқарып, олардың алғысын алғанда өрт сөндіру барысында кездескен қиыншылықтың бәрі әп сәтте ұмытылып кетеді. Адамдардың амандығы үшін, өртті дер кезінде ауыздықтау қызметтік міндетім ғана емес, бала күннен бергі мақсатым, – дейді кейіпкеріміз.

Қашан және қай уақытта өрттің боларын алдын ала ешкім деп басып айта алмайды. Аудан көлемінде бұл мамандық иелері тілсіз жаумен бетпе-бет келіп, қиын сәтте тұрғындарға қалтқысыз қызмет етіп келеді. Бейбіт күн батырларының батылдығы бағалы, еңбегі құрмет пен алғысқа лайық. Біз қалам тербеп отырған кейіпкеріміз қандай қиыншылық кездессе де жігерлілік танытып, төтенше жағдайға тосқауыл коюда. Тұрғындар өмірін құтқаруда ерен еңбек етіп жүрген құтқарушылардың бұл жұмысы өрлікпен пар-пар. Олар қашанда тұрғындар үшін қызметін мінсіз атқарып, ел алдындағы маңызды миссиясын жалғастыра бермек.

Гүлжан ЕСЖАН



Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Марат АРАЛБАЕВ Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ	Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. <i>Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.</i> Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2763 Тапсырыс №1702
---	---	--	---	---